

Ф. 6.03-09

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТИ



БАҒДАРЛАМА

«Бастауышта білім берудің жанартылған мазмұны»
курсының (семинардың) тыңдаушылары үшін

72 саят

Шымкент, 2018 ж.

Құрастырушы: К.М.Уразбаев, Ж. Аманбекқызы

Бағдарлама «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту теориясы мен әдістемесі» кафедрасының мәжілісінде талқыланып, ұсынылған,

(№ 18 Хаттама «28 » 08 2018 жыл.)

Кафедра менгерушіci Ж.Аманбек ф.ғ.к, доцент К.М.Уразбаев

Бағдарламаны Фылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру белімі ұсынды (№ 1 Хаттама «03 » 09 2018 жыл.)

ЕПКБАБ жетекшісі: Р.А.Рысдәuletov Р.А.Рысдәuletов

М.Әуезов атындағы ОҚМУ ОӘК мәжілісінде макулданды және ұсынылды.

(№ 1 Хаттама «03 » 09 2018 жыл.)

ОӘБ жетекшісі Д.А.Куланова Д.А.Куланова

Мазмұны

Түсіндірмeli жазба	4
Курстың мазмұны	5
Зертханалық сабактардың үлгілік тізбесі	9
Тәжірибелік сабактардың үлгілік тізбесі	10
Ұсынылатын әдебиеттер	11

Түсіндірмeliк жазба

Осы бағдарлама 5B010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім берудің мазмұнын, оку жүктемесінің көлемін, білім бакалаврын даярлау деңгейінің талаптарын аныктайды.

Стандарттың ережелерін көрсетілген мамандық бойынша мамандарды дайындауды іске асыратын Қазақстан Республикасының жоғары оку орындары өздерінің ведомстволық бағыныштылығына, ұйымдастырулық нысандарына, оқыту түрлеріне қарамастан колдануға және сактауга міндетті.

5B010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша жоғары білімнің кәсіби оку бағдарламасын менгеруде корытынды аттесттаттудан табысты өткен тұлғаларға 5B010200 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша «білім бакалавры» академиялық дәрежесі беріледі.

Біліктілік пен лауазымдар Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік корғау министрінің 25 қараша 2010 жылғы № 385-ө бұйрығымен бекітілген «Басшылар, мамандар және басқа қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының ұлғілік біліктілік сипаттамаларына» сәйкес анықталады.

Кәсіби қызмет түрлері

5B010200 - Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызмет түрлері:

-диагностикалық - окушы тұлғасын, оқыту, тәрбиелеу және даму нағайделерін зерттеу;

- ұйымдастырушылық-технологиялық (педагогикалық технологиялар негізінде оку-тәрбие үдерісін ұйымдастыру);

- педагогикалық басқару («субъект-субъекттінің» өзара әрекеті, білім беру менеджменті);

- жобалау (бастауыш мектентегі білім берудің модельдеу);

- ғылыми-зерттеу (білім беру мекемелеріндегі мәселелерді шешудегі шығармашылық ізденіс, педагогикалық тәжірибелі зерттеу, рефлексия) болып табылады.

Біліктілік пен лауазымдар Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік корғау министрінің 25 қараша 2010 жылғы №385-ө бұйрығымен бекітілген «Басшылар, мамандар және басқа қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының ұлғілік біліктілік сипаттамаларына» сәйкес анықталады.

Курстың мазмұны

Бастауыш мектептегі математиканы оқыту әдістемесі - ғылым және оқу пәні. Педагогикалық ғылым саласы ретінде математиканы оқыту әдістемесінін нысаны, пәні, зерттеу әдістері мен оның философия және логикамен, педагогика және психологиямен, математикамен және т.б. байланысы. Математиканы оқыту әдістемесі оку пәні және оның нысаны, пәні, максаты мен міндеттері, әдістері мен мазмұны. Кіші жастағы оқушыларға математиканы оқытудың теориясы мен тәжірибелінің қазіргі жағдайы, даму болашағы. Алыс және жақын шетелдердегі математиканы оқытудың әдістемелік жүйесінің әр түрлі модельдері. Пәнді оқыту үдерісін үйлемдастыру, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік іс-әрекетке дайындау формалары. Оқыту нәтижелеріне койылатын талаптар, бакылау және бағалау әдістері.

Математиканың бастауыш курсы - оқу пәні. Оқу пәні ретінде математиканың нормативтік-құқықтық сипаттамасы. Курстың нысаны мен пәні, максаты мен міндеттері, бастауыш білім беру жүйесіндегі орны мен рөлі, бастауыш мектептің басқа пәндерімен байланысы. Бастауыш математикалық білім берудің мемлекеттік стандарты мен оқу бағдарламасы. Мектеп алды дайындық пен бастауыш мектептен кейінгі сыйынтардың математика бағдарламалары. Кіші жастағы оқушыларға математиканы оқытудағы бағыттылық пен сабактастық.

Оқу пәні ретінде математиканың мазмұндық-процессуалдық сипаттамасы. Бастауыш математикалық білімнің базалық мазмұны. Математиканы оқытудың сыйынтар, циклдер мен деңгейлер бойынша кіші жастағы оқушылардың құзыреттілігіне (пәндік, коммуникативтік, ақпараттық, проблеманы шешу) койылатын талаптар. Бастауыш сыйынтарда математиканы оқытудың әдістері, құралдары мен үйлемдастыру формаларының жүйесі. Математикадан оқу-әдістемелік топтама және оның құрамына енетін әр құралдың мәні, қызметі, ерекшеліктері. Математикадан оқушылардың жетістіктерін бағалау жүйесі. Математиканы оқыту нәтижелерін диагностикалаудың, тексеру мен бакылаудың түрлері.

Бастауыш сыйынтарда математиканы оқытуды үйлемдастыру. Оқу пәнін оқыту үдерісін үйлемдастырудың ғылыми негіздері. Математиканы оқытудың әдістемелік негіздері мен кіші жастағы оқушылардың дамуы. Математиканы оқыту үдерісіне қатысушылардың іс-әрекеттің үйлемдастыру үшін ұсынылатын қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Кіші жастағы оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттің модельдерін дайындау, жобалау, өткізу және талдау бойынша мүгалімнің еңбегін ғылыми түрғыдан үйлемдастыру.

Сабак - математиканы оқыту-үдерісін үйлемдастырудың негізгі формасы. Қазіргі заман математика сабакының типтері мен түрлері. Максаты мен міндеттерінің кешенділігі, құрылымы мен мазмұнның көпнұсқалылығы, осыларға барабар әдістері, оқыту құралдары мен оқушылардың іс-әрекеттің үйлемдастырудың формалары, сабактың оқу-тәрбие мезеттерінің өзара байланысы. Үй тапсырмасының түрлері мен мазмұны, жұмыстың көлемі мен оны орындаудың нұсқауы. Рефлексия: өзін-өзі тексерудің және математиканы оқытудың нәтижелерін өзін-өзі бағалаудың әдістері, тасілдері. Қазіргі заман сабакына және математика сабакын талдауға койылатын талаптар.

Математика сабактарында оқушылардың іс-әрекеттің үйлемдастырудың технологиясы. Оқушылардың ұжымдық-үлестірімділік және өзіндік оқу-танымдық шығармашылық іс-әрекеттің үйлемдастыру мен басқару технологиясы. Жана үзүм

және әрекет тәсілін оқытып-үйретуге дайындық кезінде; жана ұғым және әрекет тәсілімен таныстыру барысында; білім, білік, дағдыларды бекіту және оқыту нағижендерін тексеру кезінде оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырудың технологиясы. Сабакта түсініктер мен ұғымдар, терминдер мен деректер, әрекет тәсілдері жайындағы білімді игеру; есептеу, алгоритмдік, өлшеу, геометриялық салулар орындау, есептерді шыгару сиякты білік пен дағды калыптастыру; салыстыру, талдау, жинактау, жіктемелу, жалпылау және т.б. акыл-ой әрекеті тәсілдеріне машыктастыру бойынша оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру.

Математикадан сыйынтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру технологиясы. Сыйынтан тыс жұмыстардың мақсаты, міндеттері, қызметі, түрлері, олардың ерекшеліктері мен математика сабактарымен өзара байланысы. Балалардың жас, жеке-дара ерекшеліктері, кабілеттері мен дайындық деңгейлерін ескеру. Конкурстың және олимпиаданың есептерін шыгару, стандартты емес және кызықты тапсырмаларды орындау барысында, бастауыш сыйынтардағы қызығушылықтарына орай курсты таптауда алуға және математиканы тереңдеттіп оқытуда оқушылардың өзіндік шыгармашылық іс-әрекетіне сыйынтан тыс жұмыстарда басшылық жасау.

Математиканың мазмұндық-әдістемелік желілерінің ұғымдары мен әрекет тәсілдері. Бастауыш мектеп математикасының мазмұндық және мазмұндық-әдістемелік желілері. Пәннілік байланыс негізінде оқытудың мазмұнын интеграциялау. Курстың мазмұндық желілері: «Теріс емес бүтін сандар арифметикасы», «Шамалар және олшеу үдерісі», «Алгебра элементтері», «Геометрия элементтері». Курстың мазмұндық-әдістемелік желілері: «Карапайым түсініктер», «Сандар нумерациясы», «Арифметикалық амалдар және олардың касиеттері», «Есептеу тәсілдері», «Есеп және оны шешу кезендері», «Алгебра элементтері», «Геометрия элементтері».

Математиканың мазмұндық-әдістемелік желілері материалдарын оқытуудың жалпы мәселелері. Оқытуудың мақсаты, міндеттері мен нысандарының, оқыту нағижендерінен койылатын талаптарының жаттыгулар, иллюстрациялар, көрнекі құралдар жүйесінің; әр мазмұндық-әдістемелік желінің материалдары бойынша тапсырмалар іріктеу және сабактардың үзінділерін дайындаудың сипаттамасы. Әр мазмұндық-әдістемелік желінің ұғымдары мен әрекет тәсілдерін оқытып-үйретуде пәндиқ құзыреттілік калыптастыруға түрлі әдістемелік тұрғыдан қарастырудың әр түрлі кезендерінде мәселелерді оқытуудың әдістемелік ерекшеліктері.

Математиканың мазмұндық-әдістемелік желілерінің ұғымдары мен әрекет тәсілдерін оқытуудың технологиясы. «Карапайым түсініктер» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы. Балалардың мектепке дейінгі тәжірибесін жүйелеу және жалпылау, математикалық нысандарды оқытуға база дайындау, заттарды санау, заттар мен олардың топтартын салыстыру; ұзындық және оны шартты өлшеуіштің көмегімен өлшеу, кеңістік және уақыт аралығы, геометриялық фигурандар жайлы түсінік калыптастыру; практикалық әрекеттер (біріктіру, бөліп алу, тұстастыру, бөліктеге бөлу, шартты өлшеуіштің көмегімен өлшеу) технологиясы.

«Сандар нумерациясы» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы. Желінің негізгі нысандары: сан және цифр; санның есептік және реттік сипаттамасы, ондық санау жүйесі, бір таңбалы сандар, ондықтар, екі, үш және көп таңбалы сандар. Концентрлер бойынша сандарды оқыту және сандарды

оку, жазу, салыстыру мен жіктеу (разрядтық косыншылардың косындысы түрінде) күзыреттіліктерін калыптастыру технологиясы.

«Геометрия элементтері» мазмұндық-әдістемелік жөл материалдарын оқыту технологиясы. Желінің негізгі нысандары: қарапайым геометриялық фигуралар, олардың қасиеттері мен белгіленуі; қарапайым геометриялық салулар; геометриялық мазмұнды есептер, геометриялық шамалар (фигураның периметрі, ауданы мен көлемі) және көпбұрыштардың периметрлерін, тік төртбұрыштың (шаршының) ауданын, тік бұрышты параллелипедтін (текшінің) көлемін есептеп табу. Геометриялық фигураларды ажырату, қарапайым салуларды орындау, геометриялық шамаларды өлшеу және геометриялық фигуралардың периметрін, ауданын және көлемін есептеп табу күзыреттіліктерін калыптастыратын геометрия элементтерін кезеңдер бойынша оқыту технологиясы.

Тәрбие – тәрбиелу үрдісі. Тәрбие – тәрбиелу үрдісін ғылыми байынтаудың негізгі категориясы. Педагогикалық ықпал жасау. Тәрбиенің ізгілік парадигмасы. Тәрбиелу үрдісін ізгілendірудің ұстанымлары. Педагогикалық колдау казіргі педагогикадағы ізгілік парадигмасын көрсететін педагогтың миссиясы ретінде. Тәрбиеде технологиялық, күзыреттілік тәсілдерді пайдалану. Тәрбиелу үрдісінің мәні. Тәрбие үрдісінің мақсат, міндеттері. Гәрбиелу үрдісінің әлеуметтік көңілтігінің динамикасы. Тәрбие бағдарламасы және тәрбие субъекті. Құндылық карым-қатынас тәрбие үрдісі мазмұны ретінде.

Бастауыш мектептің тәрбие жүйесі. Тәрбие жүйесі ұғымы. Мектептің тәрбие жүйесі мектептегі тұтас әлеуметтік педагогикалық құрылым және балаларды әлеуметтендіру мен дамытуға мақсатты турде бағытталған фактор ретінде. Тәрбие жүйесі дамыумен калыптасуының теориясы мен әдістемесі және кезеңдері. Мектеп пен сыныптағы тәрбие жүйесінің өзара байланысы. Қазақстан мектептеріндегі тәрбие жұмысының жүйесі.

Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысы. «Тәрбие жұмысы» ұғымына түсінік. Қазіргі бастауыш мектептердегі тәрбие жұмысының жүйесі. Бастауыш мектептегі тәрбие жұмыстарының бағыттары: рухани-адамгершілік, енбек, дene азаматтық-елжандылық, этикалық, экономикалық, эстетикалық, гендерлік, отбасылық, толеранттық, көп мәдениетті. Тәрбие салытын өткізу және табыска жету критерилері. Сынып жетекшісінің оқушыларды деңсаулық пен салауатты омір салтына құндылық ретінде карауга үретудегі қызметі. Мерекелерді ұйымдастыруға байланысты сынып жетекшілеріне кеңес беру. Тәрбие жұмысының тиімділігі мен нәтижесінің диагностикасы. Бастауыш мектепте тәрбие процесін әдістемелік жағынан камтамасыз ету.

Бастауыш мектептегі сынып жетекшісі қызметінің жүйесі. Сынып жетекшісінің қызметі - мектептегі тәрбие үрдісінің табысты болуының шарты ретінде. Сынып жетекшісінің қызметтік міндеттері. Сынып жетекшісі және педагогикалық ұжым. Педагогикалық рефлексия - сынып жетекшісінің тәрбие жұмысындағы негізгі компоненті ретінде.

Педагогикалық үрдістегі балалар ұжымы. Оқушылар ұжымына сипаттама. Оқушылар ұжымын қалыптастырудың әдістемесі. Тәрбие жұмысын жоспарлау - оқушылардың жеек тұлғасы мен балалар ұжымының дамуын және мектеп пен сыныптағы тәрбие жұмысының стратегиясын жобалау үрдісі ретінде. Ұжымдағы өзін-өзі басқару. Ересектер мен балалардың ынтымақтастығы. Сынып жетекшісінің қызметтілігі диагностика. Социометрия әдісі. -

Қазіргі оқу-тәрбие үрдісіндегі тәрбие технологиялары. Оқушылардың ата-аналарымен педагогикалық өзара іс-әрекет технологиясы. Мектеп пен отбасы

ынтымактастығының қызметі мен формалары. Отбасының тәрбислік потенциялды мүмкіндіктері. Ата-аналар жиналышын дайындау және өткізу. Ата-аналарға педагогикалық агартушылық жұмыстарын үйимдастыру және өткізу әдістемесі. Қазіргі оқу-тәрбие процесіндегі тәрбие технологиялары.

Казіргі жағдайдағы балалар мен жасөспірімдер бірлестіктегі Қазіргі жағдайдағы балалар мен жасөспірімдер бірлестіктегіне сипаттама. Балалар бірлестіктегі – тәрбие институты ретінде. Мектептің тәрбие жүйесінің дамуы мен қызметіне әсері. Балалар мен жасөспірімдер бірлестіктегін тиіптері.

Сынып жетекшісінің қын- балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының теориясы мен әдістемесі. «Қын балалар» ұфымына түсінік. Баставауыш мектеп оқушыларының психолоジャлық ерекшеліктері. Педагогикалық қараусыздықтың орын алу себептері. Баставауыш мектеп оқушыларының үлгермеушіліктерін анықтау және жою. Психологиялық үлгермеушілік себептері, физиологиялық үлгермеушілік себептері, әлеуметтік үлгермеушілік себептері.

Сынып жетекшісінің дарынды балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының теориясы мен әдістемесі. «Дарынды бала» ұфымына түсінік. Отбасындағы дарынды бала. Балалардың ларындылығы жайындағы көзіргі түжірымдама. Сынып жетекшісінің дарынды балалармен жұмыстарының ерекшелігі.

Баставауыш сынып оқушыларының кәсіби бағдар жұмысы әдістемесі. «Кәсіби бағдар жұмысының» мәніне түсінік. 12 жылдық мектептегі кәсіби бағдар жұмысының ерекшелігі. Баставауыш сынып оқушыларын түрлі мамандықтар алемімен таныстыру.

Инклюзивті білім беру кезінде тәрбие жұмысын үйимдастырудын теориясы мен әдістемесі. Инклюзивті білім беру кезінде тәрбие жұмысын арнайы үйимдастыру қажетті компонент ретінде. Мектеп пен мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасы ынтымактастығының қызметі мен формалары. Тәрбие үрдісі - баставауыш мектептің динамикалық жүйесі ретінде. Сынып жетекшісінің қызметтік міндеттері. Оқушылар ұфымы және сынып жетекшісі. Сынып жетекшісінің құқығы. Баставауыш мектеп тәрбие жүйесі. Тәрбие жұмыстарын жоспарлау. Тәрбие сағатын өткізу және табысқа жету критерилері. Сынып ұфымын танып-білу диагностикасы. Тәрбие ісін жоспарлау технологиясы. Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары. Балалар бірлестіктегі – тәрбие институты ретінде. Сынып жетекшісінің киын балалармен жұмысы. Сынып жетекшісінің дарынды балалармен жұмысы. Ата-аналар жиналышы - оқушылардың отбасымен байланыс жасаудың негізгі формасы. Тәрбие технологиясы мен тәрбисшінің жеке тұлғасы. Инклюзивті білім беру кезінде тәрбие жұмысын арнайы үйимдастыру қажетті компонент ретінде. Баставауыш мектеп оқушыларын тәрбиелеуде тұлғага бағыттау технологиясы. Тәрбие шараларын өткізу әдістемесі. Баставауыш сынып оқушыларының ақыл-ой, адамгершілік, этикалық және құқықтық тәрбиесі бойынша ұжымдық-тәрбие істерінің үйимдастырылу әдістемесі. Баставауыш сынып оқушыларының жыныстық, дene, эстетикалық және еңбек тәрбиесі бойынша ұжымдық-тәрбие істерінің үйимдастырылу әдістемесі. Оқушылардың патриоттық, толеранттылық, экологиялық, экономикалық тәрбиесі бойынша ұжымдық-тәрбие істерінің үйимдастырылу әдістемесі. Оқушыларды жеке тұлға істерін тәрбиелеудің әдістемесі. Тәрбие үрдісің нағайделері мен тиімділігін зерттеу және сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын талдау әдістемесі. Баставауыш сынып оқушыларының жеке тұлғалық қасиеттерін және сынып ұфымын диагностикалау әдістемесі. Баставауыш мектеп сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын жоспарлау әдістемесі. 12

жылдық мектептегі кәсіби баңдар жұмысының ерекшілігі. Бастауыш сыйнып оқушыларымен тәрбие жұмысынан өткізу барысында колданылатын психологиялық әдістер. Бастауыш сыйнып оқушыларының ата-аналарымен, педагогикалық ұжыммен жағымды карым-қатынас ұстаса әдістемесі. Бастауыш сыйнып оқушыларының өзара және олардың ата-аналарымен, пән мұғалімдерімен туындаған киқілжіндерді тиімді шешудің әдістемесі.

Зертханалық сабактардың үлгілік тізбесі

1. «Арифметикалық амалдар және олардың қасиеттері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы.
2. Желінің негізгі нысандары: амалдардың мән-мағынасы; математикалық символика; арифметикалық амалдардың компоненттері мен нотижелері; өзара кері амалдар; косу мен көбейтуін ауыстырымдылық және терімділік қасиеттері; көбейтуін үлестірімділік қасиеті; 0 мен 1-дің қасиеттері.
3. Амалдарды және олардың қасиеттерін көзөндер бойынша оқыту, математикалық терминдерді символдарды колдана алу құзыреттіліктерін қалыптастыру және есептеу тәсілдерінің негіздері бойынша білімдерін колдану технологиясы.
4. «Есептеу тәсілдері» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы.
5. Желінің негізгі нысандары: «ерекше» (нөл және бірмен байланысты), кестелік және кестеден тыс жағдайлардағы ауызша есептеу тәсілдері; арифметикалық амалдар алгоритмі.
6. Сандарға амалдар колдану тәсілдерін кезендер бойынша оқыту және есептеулер орындау құзыреттіліктерін қалыптастыру технологиясы.
7. «Шамалар және оларды өлшеу» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы.
8. Желінің негізгі нысандары: ұзындық, масса, сыйымдылық, уақыт, аудан, колем; шамалардың өлшем бірліктері мен аракатынасы; сан шаманы өлшеудің нотижесі ретінде, шамалар мағніе амалдар колдану; шаманың үлесі және оларды салыстыру; шамалардың өзара байланысы және тәуелділік.
9. Шамалар мен оларды өлшеуді кезендер бойынша оқыту және қарапайым шамалар мен олардың бірліктері жайлы түсініктерді пайдалану құзыреттіліктерін қалыптастыру, шамалардың мәндеріне (кысқаша шамаларға) амалдар колдану технологиясы.
10. «Есеп және оны шешу үдерісі» мазмұндық-әдістемелік желі материалдарын оқыту технологиясы.
11. Желінің негізгі нысандары: «есеп» ұғымы; жай (әр амалдың мән-мағынасын ашуга, айырмалық және еселік салыстыруға, шамалар арасындағы байланыстар мен тәуелділікке негізделген, «үлес» ұғымымен және пропорционал шамалармен байланысты) есептер; кері есептер; құрама есептер; геометриялық мазмұнды есептер; шығармашылық әрекетпен байланысты тапсырмалар, есепті арифметикалық, алгебралық, графикалық және практикалық тәсілмен шешу.
12. Проблеманы модельдеу мен оны шешу құзыреттілігі ретіндегі есепті шешу біліктітерін қалыптастыру бойынша түрлі қөзқарастар мен тәсілдерге бағытталған есепті шыгаруға үйрету технологиясы.

13. «Алгебра элементтері» мазмұндық-әдістемелік жеді материалдарын оқыту технологиясы.

14. Желінің негізгі нысандары: санды тендей және санды тенсіздік; санды өрнек, өрнектің мәні, өрнектердегі амалдарды орындаудың рет тәртібі, әрпі бар өрнек, өрнектерді қарапайым тенбе-тен түрлендірuler, тендеулер және оларды шешу тәсілдері; есепті алгебралық тәсілмен шешу.

15. Өрнектерді оку, жазу және мәнін табу, қарапайым тендеулерді шешу, есепті тендеу құру арқылы шешу ерекшеліктерін түсіну күзыреттіліктерін қалыптастыратын алгебра элементтерін кезеңдер бойынша оқыту технологиясы.

Тәжірибелік сабактардың ұлғілік тізбесі

1. Бастауыш мектеп окушыларының ата-аналармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының түрлері.
2. Социометрия. Нәтижені өндөу және кортындылау.
3. Қазіргі бастауыш мектептегі тәрбие жүйесі.
4. Сынып жетекшісінің кәсіби қабілеттері мен біліктілігі.
5. Тәрбие жұмысының гуманистік тұрғыда караудың маңызы.
6. Бастауыш мектептегі тәрбие мен коршаган ортаның байланысы.
7. Бастауыш сынып окушыларына отбасы тәрбиесі. Ата-аналардың педагогикалық агарту ісі.
8. Сынып жетекшісі: қызметтері, сыныппен жұмыс жүргізуін әдістемесі. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының максаттары мен мазмұны.
9. Сыныпты диагностикалау әдістемесі және жетістіктері.
10. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын жоспарлауы.
11. Бастауыш мектеп окушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының түрлері.
12. «Кәсіби бағдар жұмысының» мәніне түсінік.
13. Бастауыш сынып окушылармен атқарылатын тәрбие жұмыстарында колданылатын сендіру әдісі.
14. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын талдау, кәсіби біліктілігін жетілдіру.
15. Мектеп пен мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасы ынтымақтастығының қызметі мен формалары.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет

- 1 Әбінқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: оку құралы / А.Е.Әбінқасымова. - Алматы: Билм, 2005. - 272 с.
 - 2 Жолымбаев О.М. Математика: КР білім және ғылым министр. 030540 "Педаг. және бастауыш оқыту әдістемесі" мамандық бойынша оқытын студ-ге оку құралы / О.М.Жолымбаев. - Алматы: Семей үн-ті, 2004. - 384 с.
 - 3 Алиева К.С. Математиканы оқыту әдістемесінен практикалық сабактарына арналған әдістемелік нұсқау / К.С.Алиева, Л.Т.Іскакова, Г.О.Жетілбасаева; Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту теориясы мен әдістемесі кафедрасы. - Шымкент: ОҚМУ, 2009. - 38 с.
 - 4 Оспанов Т.К. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі: оқулық / Т.К.Оспанов, Ш.Х.Құрманалина, С.К.Құрманалина. - Астана: Фолиант баспасы, 2007. - 468 с. - (Касіптикастырылған)
 - 5 Оспанов Т.К. Математиканың теориялық негіздері: КР Білім және ғылым мин. касіптикастырылған бастауыш және орта білім беру үйімдердің ұсынылған оқулық / Т.К.Оспанов, Ш.Х.Құрманалина, С.К.Құрманалина. - Астана: Фолиант баспасы, 2007. - 352 с. - (Касіптикастырылған)
 - 6 Медетбекова Н.Н. Бастауыш математикасының жана мазмұнын оқыту ерекшеліктері. Оку-әдістемелік құрал. Шымкент 2012 105 әл. опт. диск (CD)
 - 7 Абдрахманов К. Математиканы бастауыш курсының негіздері : КР Білім және ғылым мин.касіптикастырылған бастауыш және орта білім беру үйімдердің ұсынған оку құралы / К. Абдрахманов, А. Ермекбаева - Астана : Фолиант, 2008. - 432 с. - (Касіптикастырылған)
 - 8 Ахметова Г.К. Педагогика: оқулық / Г.К.Ахметова, З.Ә.Исаева, Н.С.Әлкожаева. - Алматы: Казак үн-ті, 2006. - 220 с.
 - 9 Бабаев С.Б. Педагогика: жалпы негіздері және тәрбие теориясы: оку құралы / Ш.Б.Оразов, К.С.Бабаева. - Алматы: Каз. әдебисті, 2008- 124с.
 - 10 Қозынбаев Ж.Б., Қынайбаев Р.М. Педагогика. - Алматы, 2002. - 384 бет.
 - 11 Педагогика дарын курсы. - Алматы, 2003. - 368 бет.
 - 12 Мұханбетова С.К. Педагогика және педагогикалық технологиялар – Ақтөбе, 2001. – 118 бет.
 - 13 Қазиев F., Болғанайән Ә. Қазак тілі лексикологиясы. - Алматы, 2005
 - 14 Балакаев М. Қазіргі казак тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі: КР БжФМ ЖОО филология факультеттін студенттерне арналған оқулық ретіндегі ұсынған / М.Балакаев, Т.Сайрамбаев. - 4-ші бас., онделіп және толық - Алматы: Санат, 2003. - 238 с.
 - 15 Қазіргі казак тілі [Текст]: оку құралы / Ф. Ш. Оразбаева [и др.]. - Алматы: Print-S, 2005. - 535 с.
 - 16 Тұрдалиева Г.Ж. Бастауыш сыныптарда казак тілін оқыту әдістемесі: Оқу-әдістемелік құралы / Г.Ж.Тұрдалиева. - Астана: Фолиант баспасы, 2007. - 292 с. - (Касіптикастырылған)
 - 17 Жораева, С.Б. Бастауыш мектепте казак тілін оқыту әдістемесі: оку құралы / С.Б.Жораева, Г.Т.Оразбаева; Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту теориясы мен әдістемесі кафедрасы. - Шымкент: ОҚМУ, 2010
 - 18 Тұрманаханова, С.О. Қазак тілін оқыту әдістемесі: Оқу-әдістемелік құрал / Шымкент: ОҚМУ, 2011. - 165 с.
- ### Косымша әдебиет
- 1 Қазақстан Республикасы Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы бастауыш білім. - Алматы, 2003. - 136 бет
 - 2 Жораева Г. Бастауыш бүнин казак тілі сабактарында жүргізілетгі дидактикалық ойнын түрлері [Текст]: магистр. дис. 6N0102-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі / Жораева Гаяхар Базарбайқызы. - Шымкент : М. Әүесов атындағы ОҚМУ, 2011. - 99 +з. опт. диск (CD).
 - 3 Карсыбаева Р.К. Педагогикалық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының іс-жрекетін қалыптастыру: пед. сыл. канд. ... дис. автореф.: 13.00.01 / Карсыбаева Раниса Канабековна. - Алматы : Қазақ мемлекеттік қызметтер педагогика ин-ты, 2010. - 25 с. Экземпляры: всего:2 - №10(2).
 - 4 Қазақса-орынша, орынша-қазақша терминологиялық сөздік: 5000-нан астам термин = Казахско-русский, русско-казахский терминологический словарь / Жалпы ред. баск. А.К.Құсайынов. - Алматы: Рауан. - 2000.25-ші том: Педагогика және психология. - 288 с. - (Қаз., орын тіл.).
 - 5 Сансызбайтызы М. Балдырындарға арналған қызықты математикалық тапсырмалар/ М.Сансызбайтызы. - Алматы: Рауан, 1993. - 54 с
 - 6 Педагогика және психология. Қазак тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірme сөздігі. - Алматы, 2002. - 251 бет.
 - 7 КР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты 5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы. КР МДЖМБС 6.08.012-2009 – Астана